

7 дәріс. Педагогикалық және мектеп музейлері

Жоспар:

1. Педагогикалық музейлер
2. Мектеп музейлері

Педагогикалық музейлер негізінен Ресейде көптеп ашылды, олар әр түрлі ағартушылық қоғамдардың, губерниялық және уездік земстволардың, халықтық білім беру ұйымдарының бастауымен құрылып, 1917 ж. дейін олардың саны 1000-ға жуық болды. Өз кадрларының деңгейін көтеру мақсатында бұл істе басқа да ұжымдар шетте қалмады.

Тек Ресейде ғана емес, сондай-ақ, Европада ең ескі болып саналатын әскери оқу орындарындағы педагогикалық музейлерді мысалға ала отырып, жалпы педагогикалық музейлердің қызметі туралы айтуға болады.

1864 ж. Петербургте әскери-оқу орындарының ең ірі және алғашқы педагогикалық музейі ашылады. Ол ағарту мекемесі ретінде құрылған бұл педагогикалық музей педагогикалық ғылымдардың өзекті мәселелерін қарастыру мақсатын ұстанды. Мұндай бағыттағы музейдің қызметі туралы музейдің үшінші директоры З.Макшеев былай дейді: «Педагогикалық музейлер кунсткамера қызметін атқармауы тиіс, олардың алдында жинақтау саласы бойынша өзге қызмет, өзге мақсат тұр. Ол оқыту және тәрбие беру саласында теориялық және практикалық жағынан қадағалауды қажет етеді, осы мақсатта көрнекі құралдарды жүйелі отырып, қазіргі заманғы педагогқа оның мамандығының техникалық құралдарымен (құралғылар, карталар, модельдер, картиналармен) таныстыру мүмкіндігін беру керек».

Бұл аталған музейдің экспозициялық ерекшелігін айқындап берді. 1914 жылға дейін музей коллекциясы келесідей үш топқа бөлінді: мектеп құралдары, адамды тәрбиелеу объектісі ретінде қарастыру құралы, мектептен тыс тәрбиелеу құралы. Басында олар экспозицияның тұрақты бір ғана түрін көрсетті, кейін кәсіптік пәндердің (математика, тарих, сурет салу, жаратылыстану, физика, ана тілі, эксперименттік психология) әр кабинетінде көптеген экспонаттардың жинақталуына байланысты, коллекцияның кейбір үлгілері ғана көрсетілетін болды.

Музей мектепке арналған көрнекі құралдар шығаруда белсенді қызмет атқарып, баспа ісімен айналысты, ана тілі және шет тілі, география, жаратылыстану, сурет салу бойынша мұғалімдерге арналған уақытша курстар өткізіп, жыл бойы офицер-тәрбиешілерді және екі жыл бойы кадет корпусының оқытушыларын дайындады, педагогикалық съездерді ұйымдастыруға қатысты. Петербургтіктерді эстетикалық жағынан тәрбиелеу мақсатында музей халықтық хор және музыкалық сыныптар ұйымдастырды. Мұнда Ресейдегі алғашқы психологиялық лаборатория жұмыс істеді.

Бұл жұмыстардың негізіне аталған музейдің ресейлік және шетелдік көрмелерге қатысуын айтуға болады. Оның географиялық таралу шегі Петербургтен Парижге дейін, Брюсселден Филадельфияға және Чикагоға дейін жетті. 1875 ж. Бүкілдүниежүзілік Париждегі көрме маңызды табысқа ие болды. Ол Географиялық конгресске байланысты өткізілді, оның әсерінен

Франция мен Бельгияда осыған ұқсас музейлер ашылды. XIX ғ. соңына қарай 70-ке жуық осындай музейі бар европалық мемлекеттердің арасында Германия мен Ұлыбритания жетекші орынға шықты.

Қазан төңкерісінен кейін Ресейдегі педагогикалық музейлердің көпшілігі жабылып қалды, ал кейбір өздерінің қызметтерін жаңа биліктің ұстанымдары бойынша жалғастырды. Мәселен, әскери-оқу орындарының музейі 1918 ж. Орталық педагогикалық музей деп, 1920 ж. Бүкілресейлік педагогикалық музей деп атала бастады. Ал 1924 ж. музейдің негізінде Ғылыми педагогикалық мемлекеттік институт құралады.

Педагогикалық музейлермен қатар мектеп музейлері де кең тарады. XIX-XX ғғ. аралығында көптеп ашылған осындай музейлер, балаларды қоршаған ортаны бақылау және мектеп музейлерінде жиналған заттар, жалпы мектепте қолданылтын барлық көрнекі құралдар арқылы білім алуға үйрету мақсатында құрылған болатын. Бұндай музейлер төменгі сатыдағы мектептерде өз тәрбиеленушілерін еңбекке баулуға арналды. Мектеп музейлерінде өлкетанушылық тақырыптарға көп көңіл бөлінетіндігі де осыған байланысты болды, себебі, осы тақырыпта экспонаттар жинауға бүкіл мектеп оқушылары қатысып, оқушы мен мұғалім арасында шығармашылық қарым-қатынас орнайды. «Мектеп музейі» атауы жалпылама алғанда, сабақта пайдалануға арналған оқушы жинаған немесе жасаған көрнекі құралдармен тығыз байланысты болды. Мектеп музейлеріне деген қызығушылықты тек мұғалімдерді ғана емес, сондай-ақ, атақты ғалымдар, ұлттық ағартушылар да білдірді. Олар үздік музейлердің базасында әдістемелік орталықтардың құрылуын жақтай отырып, осындай музейлерді ұйымдастырудың құралдарын жарыққа шығарды. Мәселен, халық ағарту саласының бір маманы былай деп жазды: «мұндай құралдардың мақсаты жергілікте жердегі мектеп музейінің құрылымы жөнінде, материалдарды жинау мен өңдеу туралы кеңес беру». Мұғалімнің жұмыс кітабына айналған мұндай әдістемелік құралдардан бөлек олар мектеп музейінің деңгейін арттыру үшін де түрлі қадамдар жасады. Атап айтқанда, осындай музейлерді құрушылар үшін жүйелі түрде курстар ұйымдастырылды, әдістемелік құралдар дайындалатын орталықтар ашылды. Сонымен қатар, олар оқу үрдісінде көрнекі құралдарды тиімді пайдалану үшін музей коллекциясын гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми бағыттарына бөлді. Соның негізінде мектептердегі музейлер тарихи, өлкетанушылық, жаратылыстану, әдеби, музыкалық және тағы да басқа салалар бойынша құрылады.

Соңғы кездері мектеп музейлерін қайта жаңғыртуға деген қызығушылық мұғалім және оқушы аудиториясына педагогикалық әсер ету мүмкіндігін есепке ала отырып, оның дамуына жаңа леп беруі тиіс. Осы айтылғандардың негізінде мынадай қорытынды шығарсақ. Мектеп музейінің қызметі мен нәтижесі біріншіден, оның жұмысына барлық оқушылардың тартылуымен, екіншіден, оның материалдарын барлық мұғалімдердің пайдалануымен сипатталады.